

Автор(- лар) аты-жөні; Зинелғабиденов Нұрхан Нәсіпқалиұлы.
сыныбы; жасы; 9 сынып, 14 жас.
Облыс; Атырау облысы.
Аудан; Индер ауданы.
Қала, ауыл; Индербор кенті.
Білім беру ұйымының атауы; Индер аудандық білім бөлімінің оқушылар шығармашылық орталығы.
Бұйымның атауы; Сүйектен жасалған үздік бұйым «Асығың алшысынан түссін» (Мал сүйектерінен жасалған бұйымдар)
Жетекшісінің толық аты-жөні; Өтепқали Нәсіпқали Зинелғабиденұлы.
Жетекші лауазымы және жұмыс орны; I санатты, Қосымша білім беру педагогі.
Жұмыстың жасалған уақыты; 5-25 ақпан
Е-mail, байланыс деректері; otepkali70@mail.ru
Үй тел; - 8 (712) 34 2 21 31
Жұмыс тел; - 8 (712) 34 2 15 30
Ұялы байланыс; - 8 (702) 129 31 88
- 8 (702) 344 53 99

Қазақтың халқының ұлттық қолөнері

Қасиетті қазақ халқының қолөнерінің тарихы тым тереңде. Ол кеңбайтақ жерімізді мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының мәдениетінен арқау алады. Оңтүстік- Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті де өз әсерін тигізген. Осындай үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басы. Археологиялық қазбалар мен жазба ескерткіштерге арқа сүйесек, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар жүздеген жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, тағы басқа да шикізаттарды шаруашылық кәсіптері мен күнделікті тұрмыс қажетіне жаратып, қолөнердің өз ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған.

Тарих тамыры тереңде. Асқар тау, таза ауа, сыңсыған қалың орман, суы шәрбат, топырағы торқалы, қойны құт қазыналы, ұлан-ғайыр өңірді өріс-қоныс етіп, табиғаттың дарқандығын да, тарпаңдығын да басынан кешіріп, талай-талай тарихи кезеңді өткерген ата-бабаларымыз, адамзат қоғамының шалқар көшінде өзінің шаруашылық негізіне, ұлттық ерекшелігіне қарай дара ұлттық дәстүрін, салт-санасын қалыптастырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғап, аса бағалы табиғи мәдениеті мен рухани мәдениетін сақтап қалды.

Дамып келе жатырған еліміздің болашақ иелері біздер, сондықтан шәкірттердің жан-жақты білім алуы маңызды іс. Жалпы білім алып қана қоймай, ізденіп, шығармашылық жұмыспен айналысу бүгінгі заманның басты талабы болып отыр.

Шығармашылықпен айналысқысы келетін оқушы көп оқып, өз туған елінің тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын терең зерттеп білуге, ұлттық қолөнерін үйренуге тиісті.

Халқымыздың салт-дәстүрін үйрену, адамгершілік асыл қасиеттерін бойымызға сіңіру басты міндетіміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ауыл дегеніміз, халықтың тұрмыс-салты, мәдениетіміздің, әдет-ғұрпымыздың қайнар көзі» деген. Осы ұлағатты ой бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Табиғатпен етене жақын ауыл үшін өз елімізді, туған жерімізді сүю, үлкенді сыйлап, кішіге қамқорлық жасау, көрші-қолаңға көмек жасау туа біткен қасиетіміз. Өйткені біз жасымыздан халқымыздың салт-дәстүрін үйреніп, ата-бабалардың өсиет-өнегесін көріп, жадымызда сақтап өсіп келеміз.

Халқымыздың дәстүрлі төл өнері,

Кәсіби ата мұра қолөнері.

Жинадым әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін

Елімнің көзге ыстық көнелері,-деп Дәркембай Шоқпарұлы айтқандай, асыл қазыналардың көненің көзіндей болып, біздің дәуірімізге жеткен мұраларымыздың бірі-ұлтымыздың дәстүрлі қолөнер мәдениеті.

«Шебердің қолы алтын», дейді атам қазақ. Сөзге де шебер, іске ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі-оның қолөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, мал жүнінен көздің жауын алатын бұйымдар жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиыннан қиыстырған халық шеберінің ісі мақтауға тұрарлық өнер туындысы.

Қазақ халқының қолөнер мәдениетінің түп тамыры сонау тас дәуірінде жатқаны мәлім. Тас дәуірі-адамзат тарихындағы ең ұзақ тарихи кезең. Тас дәуірінен жалғасқан тасшылық өнері қола дәуірінің өркениетіне тоғысып, жақұт, гауһар, алмас, янтарь, меруерт сияқты аса бағалы тастардан көз орнатқан сәндік жабдықтарды, әсемдік бұйымдарды жасау технологиясын қалыптастырды. Негізгі шикізат көзі-мал шаруашылығы, аңшылық өнімдері, мекендеген жерінің табиғи байлықтары болатын.

Халқымыздың төрт түлік малдың бабымен көшіп-қонуы аңшылық, саятшылық кәсібімен шұғылдануы, тері илеу, етікшілік, өрімшілік, киіз басу, камшы өру, тоқыма сондай ақ ершілік, теміршілік қару-жарақ жасау өнерінің туындауына себеп болды.

Сонымен қатар тас дәуірінде басталған, сүйек бізді пайдаланып тері және тоқыма бұйымдарын, киім-кешек жасау сынды ұлттық қолөнердің дами түсуі киіну мәдениетін қалыптастыра бастады.

Киіз үй жабдықтарын, сәнді киім-кешек тігу, ат әбзел-жабдықтарын және жиһаздарды әшекейлеу әсемдік түр берумен қатар заттық мәдениетке деген қажеттілік зергерлік, ершілік, кестешіл, тоқымашылық, етікшілік, өрімшілер шықты. Сөйтіп халқымыздың ұлттық қолөнері қалыптасты.

Ұстазым сабақтарында балалардың еңбекке деген құлшыныстарын арттырумен қатар, заман талабына сай жанашылдықты әркез үйретіп, іске асырып келеді. Сапалы білім беруде еңбекке баулумен қатар, өз қолымен жасай білуге үйретеді. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймын. Сабақтан тыс уақытта «Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес» деген қағидаға сүйене отырып, оқушылар шығармашылық орталығына барып қосымша мамандық игеру үшін «Шебер» үйірмесіне қатынасамын.

Қазіргі уақытта ұлттық салт-дәстүрге байланысты кіші-үлкен топтарға камшы өру, былғарыдан әр түрлі бұйымдар жасау, ағаш өнімдерін өңдеу, сәндеу, мал сүйектерінен әртүрлі кәдесыйлар жасау осы тақырыптарда жұмыс жасағанымызға екі жылдай уақыт болды. Жеткен жетістіктеріміз де жоқ емес, 5 маусым Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау және экологтар күніне байланысты өткізілген «Қалдықтардың екінші өмірі» бұйымдар байқауынан II орын иеленіп, «Алғыс хатпен» марапатталдым. «АТА-БАБА МҰРАСЫН САҚТАЙМЫЗ ЖӘНЕ ДАМЫТАМЫЗ» сырттай байқау-көрмесінде II орын иеленіп, Дипломмен марапатталдым. Бүгінгі күні «Ұлттық қолөнер-бабалар мұрасы» байқауына өзімнің төл туындыларымды ұсынамын. Бүгінгі күні қарыштап дамып келе жатырған еліміздің, дала ерлерінің «Асықтары әрдайым алшысынан түссін» демекпін.

Сәндік-қолданбалы өнерге баулу тұрғысынан алғанда, қалдық мал сүйектерінен көркем қолөнер туындысын жасап шығару табиғаттың адамзатпен, жан-жануармен үндестігін білдіргім келді. Табиғи мал сүйектері қарап отырсақ кез-келген жерде шашылып жатыр. Мал сүйектерін алып келіп тазартып әркімнің өз талғамына қарай кәдесыйлар жасалады. Олардың формалары әр түрлі болуы мүмкін, көбінесе сиырдың, қойдың, жылқының сүйектері кәдеге асып жатыр. Аудандық, облыстық көрмелерге шығып өз дәрежесінде жетістіктерге жетіп жүр. Бүгінгі күні сіздердің назарларыңызға ұсынып отырған кәдесый бұйымдары «Асықтарың алшысынан түссін» топтамасы.

1. Сурет

Құрамы:

1. Сиырдың жамбас сүйегі
2. Сиырдың асығы
3. Қойдың асықтары
4. Қойдың жауырын сүйегі
5. ағаш кесіндісі, тұғыры
6. Түссіз лак, алтын түстес лак, ақ лак
7. Супер клей
8. Әр түрлі бояулар

2. Сурет

1. Сиырдың мүйізі
2. Қойдың асықтары
3. Кесінді ағаш, тұғыры
4. Түссіз лак, алтын түстес лак
5. Супер клей



1. Сурет



2. Сурет

